

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 168-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 6 маусымда № 7706 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.01.2016 № 11 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысымен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидаларының 8-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.09.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.01.2016 № 11 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ө.Қ. Қуан) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті (С.Ғ. Бисақаев), "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Р.Н. Хамзин) осы бұйрықтың талаптарын зерттеуді және олардың орындалуын ұйымдастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Г. Әбдіқалықова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігінің төрағасы

_____ Ә. Смайылов

2012 жылғы _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2012 жылғы 4 мамырдағы
№ 168-ө-м бұйрығымен
бекітілген

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасы

Осы Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысымен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидаларының 8-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.09.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

ай сайынғы төлем мөлшері – біржола төлеу үшін капиталдандырылған ай сайынғы сомалардың мөлшері;

капиталдандыру кезеңі – капиталдандыру жүргізілген, сот не тарату комиссиясы бекіткен құжатта (сот актісі, кредиторлар тізілімі, анықтама-есеп) көрсетілген кезең;

капиталдандырылған төлемдер сомасы – зардап шеккен адамға ақшалай түрде төленген не борышкердің мүлкі есебінен заттай нысанда өтелген сот актісі (актілері), кредиторлар тізілімі, анықтама-есепте көрсетілген сома.

2. Ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу тәртібі

Ескерту. 2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.01.2016 № 11 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Сот актілерінде, конкурстық басқарушының материалдарында, анықтама-есепте, соттың немесе мемлекеттік мұрағаттың мұрағат құжаттарында ай сайынғы төлем мөлшері (АСТМ) туралы мәлімет болған жағдайда, бар АСТМ қолданылады.

3. Осы Қағидалардың 2–тармағында тізбектелген құжаттарда АСТМ туралы мәлімет болмаса, АСТМ капиталдандырылған төлемдерді алған әрбір адам бойынша капиталдандырылған төлемдер сомасы (КТС) мен капиталдандыру кезеңі (КК) туралы мәліметтер негізінде КТС-сын КК-не бөлу арқылы айқындалады:

$$\text{АСТМ} = \text{КТС} / \text{КК}$$

4. Ең төменгі жалақы өсімінің жинақталған деңгейін есептеу (ЕТЖжинақ) заңды тұлға банкрот деп танылған жылдан кейінгі әр жыл үшін ең төменгі жалақының өсу коэффициенттерін мынадай формула бойынша көбейту арқылы жүргізіледі:

$$\text{ЕТЖжинақ} = \frac{\text{ЕТЖ}_{n+1}}{\text{ЕТЖ}_n} \times \frac{\text{ЕТЖ}_{n+2}}{\text{ЕТЖ}_{n+1}} \times \frac{\text{ЕТЖ}_{n+3}}{\text{ЕТЖ}_{n+2}} \times \dots,$$

мұндағы ЕТЖ_n – заңды тұлға банкрот деп танылған жылдан кейінгі қаржы жылының 1 қаңтарына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген және қолданыстағы ең төменгі жалақы мөлшері;

n – заңды тұлға банкрот деп танылған жылдан кейінгі жыл;

$(n + x)$ – ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініш білдірген (қайта есептеген) жыл.

Бұл ретте ЕТЖжинақ үтірден кейін үш белгіге дейін дөңгелектенеді. Егер төртінші белгі 5-ке тең немесе одан көп болса, онда үшінші белгіге бір бірлік қосылады.

Егер заңды тұлға 2021 жылғы 31 желтоқсаннан кейін банкрот деп танылса, ЕТЖжинақ мәні 1-ге тең.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.09.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Айлық есептік көрсеткіштің (АЕКжинақ) өсімінің жинақталған деңгейін есептеу ай сайынғы төлемдер (қайта есептеу) түрінде әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген жылға дейінгі әрбір жыл үшін айлық есептік көрсеткіштің 14 еселенген мөлшерінің өсу коэффициенттерін көбейту жолымен жүргізіледі.

Айлық есептік көрсеткіштің 14 еселенген мөлшерінің өсу коэффициентін есептеу тиісті қаржы жылының Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 14 еселенген мөлшерін қаржы жылының алдындағы Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 14 еселенген мөлшеріне бөлу арқылы жүргізіледі.

Бұл ретте ЕТЖжинақ үтірден кейін үш белгіге дейін дөңгелектенеді. Егер төртінші белгі 5-ке тең немесе одан көп болса, онда үшінші белгіге бір бірлік қосылады.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.09.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер (АТ) түріндегі әлеуметтік көмек ай сайынғы төлем мөлшерін (АСТМ) ЕТЖжинаққа және АЕКжинаққа көбейту арқылы айқындалады:

$$АТ = АСТМ * ЕТЖжинақ * АЕКжинақ$$

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.09.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қорытынды ережелер

6. Бір азаматқа екі немесе одан да көп рет зиян келтірілген жағдайда, ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек мөлшері сәйкесінше екі немесе одан да көп рет есептеледі және алынған екі немесе одан да көп АТ соңғы АТ айқындау үшін қосылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.01.2016 № 11 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 11.12.2014 № 310 (01.01.2015 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

Ағымдағы жылда келген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі мәліметтері негізінде өткен жыл үшін жылдың орташа инфляция деңгейі ИПЦжинақ есебіне енгізіледі.

8. Ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек мөлшерін жыл сайын арттыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ұсынатын инфляцияның болжамды деңгейінің орташа мәніне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.02.2013 № 72-ө-м (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.09.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша АТ алушылары болып табылатын, АТ мөлшері тұтыну бағалары индексінің жинақталған деңгейі ескеріле отырып айқындалған азаматтарға АТ-ның тағайындалған сомаларын қайта есептеу ең төменгі жалақы өсімінің жинақталған деңгейінің есебіне байланысты 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жүрізіледі.

Бұл ретте АТ-ның арттырылған мөлшері алып жүрген ағымдағы АТ мөлшерінен төмен болмайды. Егер ең төменгі жалақы өсімінің жинақталған деңгейінің есебінен айқындалған АТ мөлшері ағымдағы АТ-дан төмен болса, онда АТ-ның ағымдағы мөлшері сақталады.

Ескерту. Қағида 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 11.12.2014 № 310 (01.01.2015 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.